

## Жаңа заманның талабына сай ұрпақ тәрбиелеу

XXI ғасыр – ақпараттық технологияның қарқынды дамып, адамзаттың түрлі технология саласында қабілетін шыңдайтын ғасырға айналды. Қазіргі қоғам – ақпараттық – коммуникациялық технологияны талап ете отырып, жұмыс жасауға талап қояды. Білім беру саласыда толығымен ақпараттандыру және әр пәнді ғылыми – технология бойынша оқыту басты мақсат ретінде жоспарға қойылған. Ақпараттық технология білімді, өз ісінің білікті маманын дайындау мұғалім үшін басты міндет. Әр оқушының ақпараттық құзырлығы мен мәдениетін қалыптастыра отырып дамыту педагогика жүйесіндегі, күн тәртібіндегі басты мәселе.

Әр сабақты ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып өткізудің тиімділігі:

- Оқушының әр тақырып сайын дүниетанымы кеңейеді;
- Берілген уақыт ішінде көп білім алып, уақытын үнемдей алады;
- Алған білімін тест жұмысы арқылы тексере алады;
- Қажетті ақпарат көзін жылдам алу мүмкіндігі туындайды.

Мұғалімнің педагогикалық біліктілігін көтеруде жаңа технологияларды шығармашылық – ғылыми тәжірибелерді, ақпараттық мультимедиялық техникаларын пайдалана отырып білім беру өз нәтижесін көрсетері анық.